


БЕКІТЕМІН

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарма мүшесі-Ғылыми
жұмыс жөніндегі проректоры
проф. Е.М. Тәжбаев
« 27 » 01 2022 ж.



PhD докторантының барлық оқу кезеңіне арналған жеке жұмыс жоспары үшін міндетті іс-шаралар тізбесі

<p>Оқудың бірінші семестрі</p>	<p>1) ғылыми кеңесшілерді және диссертация тақырыбын бекіту (өтініш, кафедра, факультет қорытындысы); 2) семестр бойынша негізгі іс-шаралар мен оларды іске асыру мерзімдерін көрсете отырып, докторлық диссертацияны орындау жоспарын әзірлеу, оның ішінде зерттеу нысанын, әдістерін, мақсаттары мен міндеттерін айқындау; 3) ғылыми жарияланымдар, тағылымдамалар жоспарын әзірлеу; 4) докторанттың жеке жұмыс жоспарын әзірлеу; 5) ДҒЗЖ жұмысының нәтижелері бойынша семестрлік аттестаттаудан өту (ғылыми жетекшінің орындалған жұмысты бағалай отырып, толық мінездемесі, докторанттың есебі, кафедра қорытындысы)</p>
<p>Оқудың екінші семестрі</p>	<p>1) диссертация тақырыбы бойынша қазіргі заманғы әдебиеттерге шолу; 2) диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыстың кемінде 20% көлемін орындау; 3) ғылыми нәтижелерді апробациялау және халықаралық/республикалық конференция материалдарында кемінде 1 ғылыми жарияланымның болуы; 4) ҚР БҒМ БҒССҚҚ ұсынған журналдарда мақала дайындау; 5) балл қоя отырып, ДҒЗЖ жұмысының нәтижелері бойынша жеке жұмыс жоспарын орындау мәніне жылдық академиялық аттестаттаудан өту, оң баға жоғарыда көрсетілген барлық талаптарды сапалы орындаған жағдайда ғана қойылады (ғылыми жетекшінің орындалған жұмысты бағалай отырып толық мінездемесі, докторанттың есебі, кафедраның, факультеттің қорытындысы)</p>
<p>Оқудың үшінші семестрі</p>	<p>1) нәтижелерді өңдеу әдістерін, олардың дұрыстығын және диссертация жұмысын аяқтау үшін жеткіліктілігін бағалауды қоса алғанда, диссертациялық жұмыс үшін нақты материалдар жинау; 2) диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыстың кемінде 30% көлемін орындау; 3) ҚР БҒМ БҒССҚҚ журналдарында кемінде 1 ғылыми жарияланым жариялау; 4) ДҒЗЖ жұмысының нәтижелері бойынша семестрлік аттестаттаудан өту (ғылыми жетекшінің орындалған жұмысты бағалай отырып толық мінездемесі, докторанттың есебі, кафедра қорытындысы)</p>

<p>Оқудың төртінші семестрі</p>	<p>1) докторлық диссертацияның кіріспесін және негізгі бөлігін дайындау; 2) диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыстың кемінде 50% көлемін орындау; 3) ҚР БҒМ БҒССҚҚ журналдарында кемінде 1 ғылыми жарияланым жариялау; 4) ғылыми нәтижелерді апробациялау және халықаралық/республикалық конференция материалдарында кемінде 1 ғылыми жарияланымның болуы; 5) JCR деректері бойынша импакт-факторы бар (немесе Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) деректер базасында индекстелетін) немесе диссертация тақырыбы бойынша Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 25 процентиль көрсеткіші бар рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда 1 мақаланы басып шығаруға дайындау; 6) балл қоя отырып, ДҒЗЖ жұмысының нәтижелері бойынша жеке жұмыс жоспарын орындау мәніне жылдық академиялық аттестаттаудан өту, оң баға жоғарыда көрсетілген барлық талаптарды сапалы орындаған жағдайда ғана қойылады (ғылыми жетекшінің орындалған жұмысты бағалай отырып толық мінездемесі, докторанттың есебі, кафедраның, факультеттің қорытындысы)</p>
<p>Оқудың бесінші семестрі</p>	<p>1) диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыстың басым көлемін (кемінде 70%) орындау; 2) ҚР БҒМ БҒССҚҚ журналдарында кемінде 1 ғылыми жарияланым жариялау; 3) JCR деректері бойынша импакт-факторы бар (немесе Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) деректер базасында индекстелетін) немесе диссертация тақырыбы бойынша Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 25 процентиль көрсеткіші бар рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда кемінде 1 мақала жариялау туралы оң шешім; 4) ДҒЗЖ жұмысының нәтижелері бойынша семестрлік аттестаттаудан өту (ғылыми жетекшінің орындалған жұмысты бағалай отырып толық мінездемесі, докторанттың есебі, кафедра қорытындысы)</p>
<p>Оқудың алтыншы семестрі</p>	<p>1) жеке жоспарға сәйкес практикалардан, тағылымдамалардан өту; 2) JCR деректері бойынша импакт-факторы бар (немесе Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) деректер базасында индекстелетін) немесе диссертация тақырыбы бойынша Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 25 процентиль көрсеткіші бар рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда кемінде 1 мақала жариялау; 3) дербестік, ішкі бірлік, ғылыми жаңашылдық, анықтық және практикалық құндылық және академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, докторлық диссертацияның түпкілікті мәтінін дайындау; 4) докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 12 академиялық кредитті құрайтын және докторлық диссертация</p>

	жазу және қорғау нысанында өткізілетін қорытынды аттестаттаудан өту.
Ескертпе	<p>1) жарияланымдардың саны мен сапасы «Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығының, «Дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығының талаптарына сәйкес болуы тиіс. Ғылыми кеңесшілермен бірлескен авторлықта жарияланымдардың болуы ұсынылады;</p> <p>2) докторанттың жеке жоспарына шетелдік ғылыми кеңесшінің басшылығымен шетелдік жоғары оқу орнында немесе ғылыми ұйымда 3-5 семестр ішінде өтуі ұсынылатын шетелдік ғылыми тағылымдама кіруі тиіс. Өту шарттары Магистранттар мен докторанттардың ғылыми тағылымдамаларын ұйымдастыру тәртібі туралы ережемен анықталады</p>